



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАНК ҚЫЗМЕТІН
ҚАДАҒАЛАУ ЖӘНЕ РЕТТЕУ****Есқараева Гүлдана Русланқызы***guldi_guldi_96@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Астана қаласы

Ғылыми жетекшісі: Мажитов Д.М.

Біздің өміріміз бен қоғам соңғы жылдары көптеген ғаламдық өзгерістерді басынан кешті, мұнысы мемлекеттің міндеттері мен қызметіне, солардың мазмұнына елеулі әсерін тигізді. Қазіргі кезде заман талабына сай халықтың мүддесіне қажетті қаржылық, экономикалық мұқтаждықтар туындап жатады. Осы қажеттіліктерді орындау барысында банктердің қызметіне жүгінеміз, яғни банк жүйесінің қызметі ауқымды болғандықтан халықтың қаржылық, экономикалық, банктік сектордағы кездесетін жері банктер болып табылады. Қазақстан Республикасында банктік жүйесі - нарықтық экономиканың маңызды бөлігі болып табылады, сондай – ақ банк жүйесінде пайда болатын қаржылық - банктік құқықтық қатынастар банк жүйесінің негізгі бөлігін құрайды. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтің халыққа жолдауында «Экономиканы жаһандық қалпына келтіруге дайындау және оның сыртқы сынақтарға тұрақтылығын арттыру үшін біртұтас үш міндетті шешу қажет болады: біріншіден, бизнес – ахуалды елеулі жақсарту; екіншіден, қаржы жүйесінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету; үшіншіден, сенімді құқықтық орта қалыптастыруды жалғастыру» деген болатын, сондай – ақ «Банктерді ашық немесе жасырын аффирленген құрылымдардан аулақ ұстау қажет. Банктердің тек қана банктік қызметпен айналысуын және олардың қызметінің барынша мөлдір болуын қатаң бақылауға алу керек» деп атап кеткен [1].

Қандай да экономика болмасын банк жүйесінен тыс қызмет ете алмайды. 2007 жылдың екінші жартысында көпшілікке қанатын кеңінен жайған ғаламдық экономикалық дағдарыс Қазақстанның банк жүйесін де бей-жай қалдырмады.

Бүлеліміздің экономикасының дамуына өз әсерін тигізіп, банк жүйесінің тұрақсыздығына әкеп соқтырды.

Тәуелсіздік жылдарында отандық банктер отандық экономикалық жүйенің ажырамас бөлігіне айналған, оның жұмыс істеуін қамтамасыз ететін және оның нарық жағдайында дамуынын таландыратын жетілдірілген қаржы жүйесін қалыптастырды. Отандық банктерге қолдау жасай отырып, мемлекет олардың ішкі экономика мен нақты секторды кредиттеу көлемін сақтайтын дықтарына, атап айтқанда, шағын және орта бизнес субъектілерін қаржыландыруларына және ипотекалық кредиттеу бойынша қолайлы жағдайды белгілейтіндіктеріне сенім артуда.

Банк қалыпты жұмыс істеу үшін оның қызметі үнемі реттелініп қадағалану қажет. Әсіресе қазіргі кезде, өйткені қаржы жүйесіндегі орын алған дағдарыс бүкіл әлемнің экономикасына әсер етті. Қаржы рыногының ғаламдық тұрақсыздығының соққысын өзіне қабылдаған негізгі сектор болып елдің банк секторы табылады [2].

Банк жүйесі еліміздің экономикамызда маңызды орын алатындықтан, банк аясы мемлекет жағынан мұқият бақылау мен талдаудың объектісі болып табылады. Мемлекет бақылауды өзінің органдары арқылы жүзеге асырады. Кез келген қадағалау мен реттеу заңның негізінде жүргізіледі. Әрбір елде банктік қызметті әр түрлі аспектілерде реттеп отыратын құқықтық актілер жүйесі болады. Олардың өмірде болып жатқан өзгерістерге сай және икемді болуы өте маңызды.


Нарықтық экономикаға өту жағдайында банк күрделі басқару объектілерінің бірі. Қазіргі кезде банкте болып жатқан құбылыстардың экономикалық маңызын түсінбегенше, оны нәтижелі және ұқыпты басқаруға болмайды. Басқару көптеген құжаттармен; клиенттерге көрсетілетін қызметтердің үлкен аясымен; клиенттерден, корреспондент банктерден,

валюталық биржалардан және т.б. қайнар көздерден түсетін қаржылық ақпарат мөлшерінің көптігімен ауырлатылады [3].

Қазақстан Республикасының банк секторының қазіргі жағдайына шолу жасап өтейік. Жыл сайын екінші деңгейдегі банктердің саны азаюда. Оның себебі орташа деңгейдегі банктерді біріктіріп, ірі банк құру болып табылады. Кейінгі жылдары банк секторында банктерді «ірілендіру» арқылы құрылымдық өзгерістер жиі орын алды. «ForteBank» АҚ, «Темірбанк» АҚ, «Альянс Банк» АҚ қосу арқылы, сондай-ақ «Казкоммерцбанк» АҚ және «БТА Банк» АҚ активтерін біріктіру арқылы қайта құрылымдау жүргізілді.

2017 жылдың қорытынды мәліметтері бойынша Қазақстан Республикасының банк секторының жиынтық активтері 24 157,9 млрд теңгені құрады. Бұл көрсеткіш 2016 жылмен салыстырғанда 5,5%-ға азайған (1-сурет).

Жиынтық активтер құрылымындағы ең көп үлесті банктік қарыздар және «кері РЕПО» операциялары немесе несие портфелі алады. 2016 жылы 2015 жылға қарағанда бағалы қағаздар мөлшері 114,4%-ға немесе 1 774,9 млрд теңгеге өсті, ал 2017 жылды 2016 жылмен салыстырғанда бағалы қағаздар мөлшері 44,7%-ға ұлғайып, 4 812,5 млрд теңгені құрады.



Сурет 1. ҚР банк секторының активтері мен несие портфелінің (негізгі борыш) динамикасы, млрд теңге

Ескерту: зерттеу барысында автормен құрастырылған

Қазақстан Республикасындағы банк секторының активтерінің 2009 жылдан 2016 жылға дейін ұлғаюы байқалды (Сурет 1). 2017 жылдың соңында банк секторының несие портфелі жыл басынан бері 12,4%-ке төмендеп, 13 590,5 млрд. Теңгені құрады. 2016 жылдың қорытынды мәліметтері бойынша банк секторының несие портфелінде халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкес қалыптастырылған провизиялар 1 643 млрд. Теңгені немесе жиынтық несие портфелінің 10,6%-ын құрады.


2017 жылы банк секторының қаржылық тұрақтылығын және бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған меншікті капитал мен өтімділіктің жеткіліктілігі туралы Базель III Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің негізгі қағидаларына ағымдағы реттеуші режимді көшіру бойынша жұмыс жалғастырылды.

Осы өтпелі кезеңнің шеңберінде әлеуметтік-экономикалық даму мен кредит беруді ынталандыруға бағытталған дағдарысқа қарсы шара ретінде 2016 және 2017 жылдары капиталдың жеткіліктілігінің ең төменгі деңгейі тиісінше 2015 және 2016 жылдары жоспарланған деңгейде сақталады. Капиталдың жеткіліктілігінің коэффициентінің мақсатты

құны тәуекелге бағдарланған активтердің 12% -нан 8% -ға дейін төмендетілді, ал 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап капиталдың жеткіліктілік коэффициенті «Базель III» компаниясының ұсынымдарына сәйкес келеді.

2017 жылдың басынан бастап банк конгломераттарының меншікті капиталының жеткіліктілік коэффициенті банктер үшін халықаралық стандарт деңгейінде 8% деңгейінде белгіленді.

Қазақстан Республикасының банк секторында ең ірі бес банктің атқаратын үлесі өте үлкен. Төмендегі суретте олардың активтердегі, несие портфеліндегі және клиенттер салымындағы үлестері көрсетілген (Сурет 2).



Сурет 2. ҚР банк секторының шоғырлануы
Ескерту: зерттеу барысында автормен құрастырылған[4].

2016 жылы Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің ұсынымдарына сәйкес Ұлттық Банк өтімділікті жабу коэффициенттерін және таза тұрақты қаржыландыруды реттеу тәжірибесіне енгізді. Бұл коэффициенттер қолайсыз сценарийлер бойынша қысқа мерзімді қаржыландыруға тәуелділікті шектеу арқылы өтімділік көздерінің болмауымен банктің тұрақтылығын қамтамасыз етуде қосымша рөл атқарады.

Белгіленген талаптарға сәйкес, 2016 жылдан бастап банктер жыл сайынғы мониторинг кезеңінде өтімділікті жабу коэффициентін есептейді, ал 2017 жылдың екінші жартысында коэффициент бастапқы құнды 60% бастап, пропорционалды деңгейде белгіленеді, 2021 жылға мақсатты деңгейге кезеңдік жетістік 100%.

Жеке тұлғалардың депозиттерінің шоғырлануын шектеу мақсатында жеке капиталдың меншікті капиталынан жеке тұлғалардың депозиттері мен баланстағы меншікті капиталдың сомасының 5,5 есе арасындағы оң айырмашылықты жою туралы талап енгізілді. Бұл талап жүйелік тәуекелді болдырмау және «Базель II» екінші компонентінің «қадағалау үстеме ақысы» қағидасына сәйкес келу үшін енгізілді.

Қазіргі нарықтық жағдайындағы экономикалық бақылаудың перспективті және тиімді түрлерінің бірі тәуелсіз бақылау болып отыр. Тәуелсіз бақылауды өз қызметін тапсырыс иесі- клиент есебінен шартты коммерциялық негізінде іске асыратын аудиторлар, аудиторлық ұйымдар жүргізеді.

Сонымен қатар банк қызметі көбінесе жүргізіліп жатқан саясаттың ашықтығына, сенімділігіне, заңдылығына және нәтижелігіне байланысты. Ал аудиторлық қызмет оны шындылығын тексеруге бағытталған.

Кезкелген қатынастар заңның негізінде жүргізіледі, сондықтан заң нормаларының дұрыс, логикалық дамыған және құқыққа сай болуы қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңы. 1995 ж. 31 тамыз.
2. Ж. Бекболатұлы «Қазақстанның банк жүйесі», Алматы, 2013
3. Исаков «Банк ісі», Алматы, 2012
4. nationalbank.kz ресми сайтының мәліметтері

ОӘЖ 336.055

ҚР ЕРКІН ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚТАРДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАУДЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Жәкібай Айдана Лесбайқызы, Исаков Алиазиз Абдинұлы

isakov.ali.97@mail.ru, aidana.zhakibay@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 5В050900-«Қаржы» мамандығы, 4-курс студенттері, Астана қ.,
Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі – Ж.М.Бұлақбай

Әлемдік экономикалық жүйені жаһандандыру жағдайында, сондай-ақ, Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздік алуына және ашық нарықтық экономиканың қалыптасуына байланысты шетелдік инвестиция объективті қажеттілікке айналып отыр. Нарықтық экономика жағдайында шетелдік инвестицияны тарту және пайдалану тек қаражаттың ғана емес, сонымен бірге шетелдік технологиялардың, басқару тәжірибесінің де ағылып келуін қамтамасыз етеді, нарықтық инфрақұрылымның қалыптасуына, экономиканың жекеше секторының қалыптасуына серпін береді.

Қазақстан Республикасы үшін тікелей шетелдік инвестиция неғұрлым тиімді. Қолайлы бизнес-климат және саяси тұрақтылық Тікелей шетел инвестициялардың Қазақстанға көп мөлшерде құйылуына мүмкіндік туғызды, 2005 жылдан бері Қазақстанға 203 миллиард АҚШ долларынан астам сомаға тікелей шетел инвестициялары тартылды. Қазақстанның тікелей шетелдік инвесторлардың құрылымында біріккен және шетелдік кәсіпорындар басым. Қазақстан үшін басым салаларға сәйкес айрықша инвестициялық потенциалы бар 10 инвестор елдер: Нидерланд, АҚШ, Қытай, Швейцария, Ресей, Франция, Ұлыбритания, Бельгия, Италия, Жапония.

Қазақстанда жұмыс істеп тұрған, АЭА аумақтарында 157 өндіріс жұмыс істейді және 76 жоба іске асырылу сатысында.

АЭА қатысушыларымен 2014 жылдан бастап 2016 жылға дейін 410,5 млрд. теңгеге инвестициялар жүзеге асырылды. 2014 жылы – 108,8 млрд. теңге, 2015 жылы – 198,6 млрд. теңге, 2016 жылы – инвестициялар көлемі 103,1 млрд. теңгені құрады [1].

1-кесте АЭА қатысушылары үшін преференциялар

№ р/с	Салықтар мен баждар	АЭА резиденттері
1	Корпоративтік табыс салығы	0 %
2	Мүлік салығы	0 %
3	Жер салығы	0 %
4	Жерді жалға алу төлемі	0 %
5	Қосымша құн салығы	0 %
6	Кедендік баж	0 %

Ескерту: кесте: [2] қолданылған әдебиет негізінде құрастырылған.

АЭА жұмыс істеуінің негізгі проблемалары: